



Республика Казахстан, город Алматы  
пр. Аль-Фараби 21, блок 7  
БИН: 190840027314,  
АО «Kaspi Bank»  
KZ987225000002578666  
8727 200 00 00, 8727 200 00 00  
info@haq.kz, www.haq.kz

Шығыс № 01-31/21  
Күні: 18.01.2020.

**«HAQ» Қоғамдық қайырымдылық қоры атынан  
Атқарушы директоры Қожалиева Т.Б. -дан  
Алматы қ., + 7 701 925 75 85**

**Қазақстан Республикасы Орталық сайлау  
комиссиясының төрағасы Б.М. Имашевке**

Көшірмесі:

Қазақстан Республикасының Президенті Қ-Ж. К. Тоқаевқа  
Қазақстан Республикасының Парламент Мәжілісіне  
Қазақстан Республикасының Парламент Сенатына  
Қазақстан Республикасының Үкіметіне  
Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясына  
Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясы  
төрағасының орынбасары К.В. Петровқа (жеке)  
Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының  
хатшысы С.С. Мустафинаға (жеке)  
Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының  
мүшесі А.Г. Щегорцоваға (жеке)  
Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының  
мүшесі Е.С. Дауылбаевқа (жеке)  
Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының  
мүшесі С.С. Сыдықовқа (жеке)  
Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының  
мүшесі А.А. Смағұловқа (жеке)  
«Nur Otan» партиясы» қоғамдық бірлестігіне  
Қазақстанның «АҚ ЖОЛ» Демократиялық партиясына  
«Қазақстан халық партиясы» қоғамдық бірлестігіне

**Құрметті Берік Мәжітұлы!**

Жалпыға бірдей адам құқығы декларациясының 21-бабының 3-тармағына сәйкес, «Халықтың еркі үкімет билігінің негізі болуы тиіс; бұл ерік мерзімді және бұрмаланбаған сайлау арқылы жүзеге асырылуы тиіс. Сайлау жалпыға бірдей тең сайлау құқығы негізінде, жасырын дауыс беру жолымен, немесе осы сияқты сайлау бостандығын қамтамасыз ететін басқа да, осы мәндес әдістер арқылы өткізілуі тиіс».

Қазақстан Республикасы Конституциясының 1-бабының 1- және 2-тармақтарына сәйкес, «Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады, оның ең қымбат қазынасы – адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары.

Республика қызметінің түбегейлі принциптері: қоғамдық татулық пен саяси тұрақтылық; бүкіл халықтың игілігін көздейтін экономикалық даму; қазақстандық патриотизм; мемлекет өмірінің аса маңызды мәселелерін демократиялық әдістермен, оның ішінде республикалық референдумда немесе Парламентте дауыс беру арқылы шешу».

Қазақстан Республикасы Конституциясының 3-бабының 1- және 2-тармақтарына сәйкес, «Мемлекеттік биліктің бірден-бір бастауы – халық. Халық билікті тікелей республикалық референдум және еркін сайлау арқылы жүзеге асырады, сондай-ақ өз билігін жүзеге асыруды мемлекеттік органдарға береді».

Қазақстан Республикасы Конституциясының 33-бабының 1-тармағына сәйкес, «Қазақстан Республикасы азаматтарының тікелей және өз өкілдері арқылы мемлекет ісін басқаруға қатысуға, мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарына тікелей өзі жүгінуге, сондай-ақ жеке және ұжымдық өтініштер жолдауға құқығы бар».

Қазақстан Республикасы Конституциясының 40-бабының 1, 2 және 3-тармақтарына сәйкес, «Қазақстан Республикасының Президенті мемлекеттің басшысы, мемлекеттің ішкі және сыртқы саясатының негізгі бағыттарын айқындайтын, ел ішінде және халықаралық қатынастарда Қазақстанның атынан өкілдік ететін ең жоғары лауазымды тұлға.

Республиканың Президенті – халық пен мемлекеттік билік бірлігінің, Конституцияның мызғымастығының, адам және азамат құқықтары мен бостандықтарының нышаны, әрі кепілі.

Республика Президенті мемлекеттік биліктің барлық тармағының келісіп жұмыс істеуін және өкімет органдарының халық алдындағы жауапкершілігін қамтамасыз етеді».

Қазақстан Республикасы Конституциясының 49-бабының 1-тармағына сәйкес, «Парламент – Қазақстан Республикасының заң шығару билігін жүзеге асыратын Республиканың ең жоғары өкілді органы».

Қазақстан Республикасы Конституциясының 66-бабының 1)-тармақшасына сәйкес, «Қазақстан Республикасының Үкіметі: мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық саясатының, оның қорғаныс қабілетінің, қауіпсіздігінің, қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етудің негізгі бағыттарын әзірлейді және олардың жүзеге асырылуын ұйымдастырады; Республика Президентінің келісімімен мемлекеттік бағдарламаларды бекітеді, сондай-ақ олардың орындалуын қаттамасыз етеді».

Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясы туралы Ереженің 13-тармағына сәйкес, «Комиссияның миссиясы: еркін және әділ сайлау мен республикалық референдумдар өткізу жолымен азаматтардың тікелей немесе өз өкілдері арқылы мемлекет істерін басқаруға қатысу құқықтарын қамтамасыз ету».

14-тармақшаға сәйкес (осындағы), «Комиссияның негізгі міндеті «Қазақстан Республикасында әділ, шынайы және еркін сайлаулар мен республикалық референдумдар өткізу болып табылады».

«Nur Otan» партиясы» ұйымы Жарғысының 2.2-тармағына сәйкес, «Партияның мақсаты – саяси жұмыс жасау әдістерімен, азаматтық қоғамның дамыған институттары, заманауи бәсекеге қабілетті саяси жүйесі бар, экономикалық күшті, демократиялық, зайырлы, құқықтық, әлеуметтік мемлекет құруға қол жеткізу».

«Қазақстанның «АҚ ЖОЛ» демократиялық партиясы» ұйымы Жарғысының 10 және 11-тармақтарына сәйкес, «Партияның негізгі мақсаты – тәуелсіз, гүлденген, демократиялық және еркін Қазақстан, әрбір азамат үшін лайықты өмір. Партияның негізгі міндеті – шынайы іс-әрекеттермен қоғамдағы әлеуметтік, саяси және экономикалық мәселелерді конструктивті шешуге ықпал ету, қарапайым қазақстандықтардың өмірін біртіндеп жақсарту».

«Қазақстан Халық партиясы» ұйымы Жарғысының III тарауының 1 және 2-тармақтарына сәйкес, «Қазақстан Халық партиясының» мақсаты шынайы халық билігі, әлеуметтік әділдік, рухани дамыған, еркіндік және ғылыми-техникалық прогресс аясындағы гүлденген экономикасы бар қоғамға аяқ басу болып табылады. Мұндай қоғамның орталығы толық азаматтық құқықтарға және өзінің қабілеттерін дамытуға және көрсетуге, алуан түрлі қажеттіліктерін қанағаттандыратын кең мүмкіндіктерге ие адам. Алға қойылған мақсатқа жету үшін мынадай міндеттерді шешу керек: саяси салада – демократияландыру үшін күрес, билікті демократиялық сайлау арқылы иелену, әлеуметтік әділетті қоғам құру, Қазақстан Республикасында шынайы халық билігін қамтамасыз ету».

#### **Төмендегілерді назарға ала отырып:**

1. Жалпыға бірдей адам құқықтары декларациясының 21-бабы 3-тармағының нормасын;
2. Қазақстан Республикасы Конституциясының жоғарыда баяндалған нормаларын және
3. «Nur Otan» партиясы», «Қазақстанның «АҚ ЖОЛ» демократиялық партиясы» және «Қазақстан Халық партиясы» ұйымдарының жарғылық құжаттарында мәлімделген қызметтерінің мақсатын, міндеттерін және мәнін, және
4. «Nur Otan» партиясы», «Қазақстанның «АҚ ЖОЛ» демократиялық партиясы» және «Қазақстан Халық партиясы» ұйымдарының Қазақстан Республикасының Парламент Мәжілісінде депутаттық фракция ретінде көп жылдық қатысуларын, және
5. 2021 жылдың «10» қаңтарында өткен Қазақстан Республикасы Парламент Мәжілісі мен мәслихат депутаттарын сайлау фактісін, және
6. Аталған сайлауда байқаушыларға қатысты жаппай орын алған заң бұзушылықтар және көптеген мемлекеттік мекемелер мен органдардағы, құқық қорғау органдары мен сайлау комиссияларын қоса алғанда, шенеуніктердің жеке байқаушыларға және осындай байқаушыларын сайлау учаскелеріне жіберген коммерциялық емес ұйымдарға жаппай озбырлығы фактілерін,
7. Сайлауда 7 пайыздан астам дауыс жинаған саяси партияларды республикалық бюджеттен қаржыландыру әр партияға берілген дауыстың санына тікелей байланысты,

**Қазақстан Республикасы Конституциясының 18-бабының 3-тармағын және 20-бабының 2-тармағын басшылыққа ала отырып,**

#### **СҰРАЙМЫН:**

1. Тиесілі құжаттардың көшірмелерін қоса беру арқылы төмендегілерді хабарлауды:

1.1. «ҚР сайлау туралы» ҚР КЗ жобасына (және «ҚР сайлау туралы» ҚР КЗ-ға, ол қабылданған күннен бастап өзгертулер енгізу туралы барлық заңдарға), қандай да бір араласудан, оның ішінде лауазымды тұлғалардың және мемлекеттік қызметкерлердің тарапынан болған араласулардан қорғалған, еркін, шынайы (бұрмаланбаған) сайлауды, оның барлық және әрбір кезеңіндегі, дауыс беру және дауыстарды санау (сайлау қорытындысын шығару) бөлмесіндегі қолжетімді және объективті нәтижелерімен қамтамасыз ету қажеттілігі тұрғысынан сараптамалық зерттеу жүргізілді ме? Сарапшылардың қорытындылары бар ма? Осындай қорытындылардың көшірмелерін арызданушыға жолдауды сұраймын.

1.2. «ҚР Сайлау туралы» ҚР КЗ қабылданған күннен бастап, ҚР Орталық сайлау комиссиясына, ҚР Президентіне, Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісіне және Сенатына, ҚР Үкіметіне, «Nur Otan» партиясы» ұйымына, «Қазақстанның «АҚ ЖОЛ» демократиялық партиясы» ұйымына, «Қазақстанның Халық партиясы» ұйымына байқаушылардан (жеке байқаушылардан және бірлестіктерден) қанша және қандай шағымдар келіп түсті, қандай мәселелер бойынша?

1.3. ҚР ОСК және оның мүшелері, ҚР Президенті, Қазақстан Республикасы Парламент Мәжілісінің және Сенатының депутаттары, ҚР Үкіметі, «Nur Otan» партиясы» ұйымы, «Қазақстанның «АҚ ЖОЛ» демократиялық партиясы» ұйымы, «Қазақстанның Халық партиясы» ұйымы келіп түскен шағымдар бойынша, Қазақстан Республикасының заңнамасын сайлаудағы бұрмалаулар және байқаушылардың құқықтарының бұзылуы болмайтындай күйге келтіру үшін қандай шаралар қабылдады?

1.4. Егер осы арыздағы адресаттардың бірі Қазақстан Республикасында өтетін сайлаулардың бұрмаланбауын қамтамасыз етуде өзінің құзіретінің (өкілетінің) жеткіліксіздігін байқаған (анықтаған) болса, осы арыздағы сол адресат өзінің құзіретін (өкілетін) Қазақстан Республикасында өтетін сайлауларда бұрмаламауды қамтамасыз ететіндей күйге келтіруге мүмкіндік беретіндей қандай кешенді шаралар қабылдады?

1.5. «ҚР Сайлау туралы» ҚР КЗ күшіне енген күннен бастап, әрбір электоралдық циклда байқаушылардың шағымдарының (жеке байқаушыдан немесе бірлестіктен) қайталануы орын алды ма?

1.6. Байқаушы құқықтарының бұзылу фактілерінің статистикасы жүргізіледі ме? Осындай статистикамен қандай көзден танысуға болады?

1.7. Учаскелік сайлау комиссиясының мүшелері қызметінің «ҚР сайлау туралы» ҚР КЗ-да жазылған, учаскелік сайлау пунктін жабу сәтінен бастап, байқаушыларға дауыс беру нәтижесі туралы хаттаманың расталған көшірмесін беру сәтіне дейінгі процедуралар бөлігінде хронометраж, сондай-ақ аумақтық (облыстық) сайлау комиссиясы қызметінің, учаскелік сайлау комиссияларынан келіп түскен дауыс беру нәтижелері туралы хаттамаларды өңдеу бөлігінде хронометражы жүргізілді ме, егер жүргізілсе, сайлау комиссияларының аталған қызметтері Қазақстан Республикасының нақты қандай құқық нормаларымен хронометражалған (уақыт бойынша лимиттелген) және осы арыздың әрбір адресаты сайлау учаскелерінің жабылу сәтінен бастап, сайлау учаскелерінде байқаушыларға хаттамалардың расталған көшірмесін беру сәтіне дейінгі және аумақтық (облыстық) сайлау комиссияларының байқаушыларға хаттамалардың расталған көшірмелерін беру сәтіне дейінгі тиесілі сайлау комиссияларының қызмет ету уақытын Қазақстан Республикасының заңнамасына енгізу бойынша қандай шаралар қабылдады?

1.8. 2021 жылдың «10» қаңтарында өткен сайлауда орын алған, байқаушыларды дауыс беру орнынан санитарлық өңдеуді желеу етіп шығарып жіберу және қайтадан кіргізбей қоюдың көптеген жайттарын назарға ала отырып, «ҚР Сайлау туралы» ҚР КЗ нормаларымен бекітілген дауыс санау процедурасын, халықты санитарлық қорғау нормаларын заңнамалық реттеуде осы арыздағы аталған адресаттардың әрқайсысы қандай шаралар қабылдады?

1.9. Сот отырыстарындағы аудио-, бейне-бекіту жүйесін немесе осы арыз жазылған күнінде «Сергек» жүйесінің жұмыс жасау фактісін қоса алғанда, техникалық құралдардың заманауи даму деңгейін есепке алумен, осы арыздағы әрбір адресаттың (Қазақстан Республикасының заңнамасына тиесілі нормаларды енгізуді қоса алғанда, бірақ онымен шектелмей), әрбір сайлау пунктінде немесе комиссиясында әрбір кезеңінде, сайлау комиссиясының мүшелері көрсететін әрбір құжаттың (материалдың) анық көрінуін қамтамасыз ететіндей, дауыс беру бөлмесінде (дауыс беру кабиналарын қоспағанда), түрлі ракурстардан бейнежазба жүргізуді; б) осындай процедураны ғаламтор желісінде интернет-трансляциялау және в) бейнежазбаны сайлау учаскелерінде орнатылған камералардан ақпаратты сақтау құрылғыларына жазып алу және одан әрі барлық ниет білдіргендерге ақылы негізде беруді қамтамасыз ету бойынша шаралар қабылдауына қандай мән-жайлар кедергі келтірді?

1.10. Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген байқаушылық институтынан басқа, қандай институттар және тетіктер сайлаушыларды және кандидаттарды еркін, объективті (бұрмаланбаған) сайлау құқығымен байқаушылық институтымен тең дәрежеде қамтамасыз ете алады?

2. Осы арыздағы адресаттың құзіреттілігін есепке алумен, құқықтық актінің атауын және реквизиттерін, баптың, тармақтың, тармақшаның, бөлігінің нөмірін) **жазбаша** түрде хабарлау (тиесілі құжаттардың көшірмелерін қоса берумен және Қазақстан Республикасындағы құқық нормаларынан сілтемелерімен), осы арқылы (немесе осыларға сәйкес):

2.1. Кез келген мүдделі тұлға Қазақстан Республикасын өткен кез келген сайлауды бұрмаланбаған ретінде саралай алатындай толыққанды (толық көлемді) сапалы (тиімді) критерийлер қолжетімді, анық және екіұшты емес айқындалған ба, және мұндай критерийлерге нелер жатады?

2.2. Қазақстан Республикасындағы сайлаудың бұрмаланбауын (бұрмаланбағандығын) қамтамасыз ететін императивті (уәждеуіш) бастамалар белгіленген бе?

2.3. Тиесілі лауазымды тұлғалардың, мемлекеттік органдардың, мемлекеттік қызметкерлердің, қоғамдық бірлестіктердің және Қазақстан Республикасы азаматтарының Қазақстан Республикасындағы сайлаудың бұрмаланбауын (бұрмаланбағандығын) қамтамасыз ету талаптары.

2.4. Қазақстан Республикасында өтетін сайлаудың бұрмаланбауын қамтамасыз ету бойынша шаралар қабылдауда Қазақстан Республикасындағы жауапты субъектілер анықталған ба?

2.5. Қазақстан Республикасында өтетін сайлаудың бұрмаланбауын қамтамасыз ету мемлекеттік маңызы бар іс ретінде жарияланды ма (бекітілді ме) және оған аса жоғары басымдық берілген бе?

2.6. Қазақстан Республикасында сайлауды ұйымдастыруға және өткізуге тартылған лауазымды тұлғалар, мемлекеттік органдар Қазақстан Республикасында өтетін сайлаудың бұрмаланбауын (бұрмаланбағандығын) қамтамасыз ету міндетінен босатылған ба?

2.7. Қазақстан Республикасында өтетін сайлаудың бұрмаланбағандығын қамтамасыз ететін институттық, құқықтық және өзге де тетіктер белгіленген бе?

2.8. Қазақстан Республикасында өтетін сайлауды бұрмаламаушылықты қамтамасыз ету көзқарасынан алып қарағанда, «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық Заңына (бұдан әрі – «ҚР сайлау туралы» ҚР КЗ) сәйкес сайлау процесіне тартылған әрбір субъектінің қызмет атқару сапасының және жалпы сайлау процесі сапасының объективті және/немесе субъективті критерийлері, әдістемелері және бағалаудың өзге де тетіктері мен тәсілдері белгіленген бе?

2.9. Байқаушыларға сайлауда қандай да бір құқықтық мәртебе берілген бе және осыларға (ҚР нақты құқық нормаларына) сәйкес, байқаушының мұндай мәртебесі және оны құқықтық қорғау құралдары қамтамасыз етілетіндей, оларды көтермелеуді, өтемақы төлеуді қоса алғанда, алайда онымен шектелмей, байқаушылық қызметі, дауыс беру күнгі 3 реттік тамақтануы, үйінен дауыс беру пунктіне дейінгі және қайтар жолға қоғамдық көлікті пайдалану ақысы, демалыс күнін байқаушының таңдауымен басқа күнге ауыстыру құқығы және т.б. бойынша республикалық бюджет қаражатынан материалдық сыйақы қарастырылған ба?

2.10. Мемлекеттік органдарға, мекемелерге, лауазымды тұлғаларға және мемлекеттік қызметкерлерге, олардың құзіреттілігі шегінде сайлауда байқаушыларға ықпал ету міндеті жүктелген бе?

2.11. Барлық байқаушыларға тең құқықтар және мүмкіндіктер белгіленген бе және олар қамтамасыз етілуде ме?

2.12. Сайлауда байқаушылардың қызметіне кедергі келтіретін тұлғаларға әкімшілік және қылмыстық жауапкершілік белгіленген бе?

2.13. Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясына және оның әрбір мүшесіне ҚР-да өтетін сайлауда әрбір байқаушының кедергісіз және қорғалған қызметін қамтамасыз ету міндеті жүктелген бе?

2.14. Сайлау комиссияларының мүшелері немесе басқа тұлғалардың тарапынан негізсіз уәждер бойынша байқаушының қызметіне кедергі келтірулерге (дауыс беру бөлмесінде жүру, сайлау пункттері арасында және сайлау комиссиясының қызметін атқаратын субъектілер жүретін басқа нысандар арасында жүру, сайлау пунктіндегі тіркелуді қоса алғанда) қарсы байқаушының құқығы (еркіндігі) белгіленген бе және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген қандай құқықтық тетіктер (құқықтың нақты нормалары) байқаушының осындай құқықтарына (еркіндігіне) қол сұқпаушылықты және осындай құқықты (еркіндікті) тиімді және кідіріссіз қалпына келтіруді қамтамасыз етеді?

2.15. Кез келген сайлау комиссиясына байқаушыға қатысты өз қызметтерін құжат жүзінде кідіріссіз ресімдеп, тиесілі сайлау комиссиясы куәландырған осындай құжаттардың көшірмелерін байқаушыға беру міндеттемесі белгіленген бе? Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген қандай құқықтық тетіктер (нақты нормалар) учаскелік сайлау комиссиясы мүшелерінің осы міндеттемелерді орындауын қамтамасыз етеді?

2.16. Сайлау кезеңінде, дауыс беру күнін қоса алғанда, байқаушыға және оған немесе оны жіберген ұйымға тиесілі мүлікке (оның ішінде техникалық құралдарға және құжаттарға) кез келген тұлғаның тарапынан болатын қол сұғушылықтан қорғайтын, физикалық тұрғыда қол сұқпаушылық белгіленген бе? Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген қандай құқықтық тетіктер (құқықтың нақты нормалары) байқаушының осындай құқығының қорғалуын және оған (және оның иелігіндегі және/немесе иелік етуіндегі мүлікке) физикалық тұрғыда қол сұқпаушылықты қамтамасыз етеді?

2.17. Байқаушының сайлау учаскесінде орын алып жатқан оқиғаларды өз қалауы бойынша кедергісіз аудио- және бейнежазба жүргізу құқығы белгіленген бе? Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген қандай құқықтық тетіктер (құқықтың нақты нормалары) байқаушының осындай құқығын қамтамасыз етеді?

2.18. Индивид сайлау учаскесінде болып табылғанда және дауыс беру, дауыстарды санау немесе сайлау бюллетеньдерін, хаттамаларды және сайлау өткізумен байланысты басқа да құжаттаманы тасымалдау процедураларын қоса алғанда, бірақ олармен шектелмей, сайлау процесімен тікелей немесе жанама түрде байланысты әрекеттерді жүзеге асырса, оның бейнежазбаға түсу құқығын қорғау Қазақстан Республикасында өтетін сайлаудың бұрмаланбауын қамтамасыз ету қажеттілігіне қатысты басымдықта болып табылады ма?

2.19. Байқаушының сайлау комиссиясынан ауызша түрде талап етуі бойынша «ҚР сайлау туралы» ҚР КЗ сәйкес осы комиссияның барлық заң жүзінде маңызды іс-әрекеттерінің хаттамаларын кешіктірмей алу құқығы белгіленген бе, Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген қандай құқықтық тетіктер (құқықтың нақты нормалары) байқаушының осындай құқығын қамтамасыз етеді?

2.20. Дауыс беру бөлмесі шегінде байқаушының кез келген нақты немесе заңдық маңызды іс-әрекетті шынайы (сапалы және бірмағыналы) тануы үшін (визуалды, сондай-ақ бейнежазбада) байқаушының қалауы бойынша кедергісіз және қолжетімді көру және бейне-бекіту құқығы белгіленген бе және Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген қандай құқықтық тетіктер (құқықтың нақты нормалары) байқаушының осындай құқығын қамтамасыз етеді?

2.21. Байқаушының өзі отырған сайлау (немесе тіркеу) пунктінде мобильді байланыс желісімен және ғаламтор желісімен тұрақты және кедергісіз байланысу құқығы белгіленген бе? Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген қандай құқықтық тетіктер (құқықтың нақты нормалары) байқаушының осындай құқығын қамтамасыз етеді?

2.22. Байқаушының өзі отырған (және/немесе тіркеу) пунктінде тоқ көзімен тұрақты және кедергісіз жабдықталу құқығы белгіленген бе? Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген қандай құқықтық тетіктер (құқықтың нақты нормалары) байқаушының осындай құқығын қамтамасыз етеді?

2.23. Байқаушының сайлау учаскесінде және/немесе дауыс беру бөлмесінде өзінің нақты (физикалық) қатысуын қалпына келтіру құқығы белгіленген бе? Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген қандай құқықтық тетіктер (құқықтың нақты нормалары) байқаушының осындай құқығын тиімді қамтамасыз етеді?

2.24. Байқаушының сайлау учаскесінде (пунктінде) тіркеу орнында (аумағында) немесе отырған жерінде, сайлау процесіне жататын толық, шынайы және өзекті ақпаратты кідіріссіз және кедергісіз алу құқығы белгіленген бе? Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген қандай құқықтық тетіктер (құқықтың нақты нормалары) байқаушының осындай құқығын тиімді қамтамасыз етеді?

2.25. Байқаушының сайлау күні кезекші прокурормен телефонмен байланысу арқылы кідіріссіз және басымдықты коммуникация құқығы белгіленген бе? Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген қандай құқықтық тетіктер (құқықтың нақты нормалары) байқаушының осындай құқығын қамтамасыз етеді?

2.26. Кез келген сайлау комиссиясына кезекші прокурордың, жоғары сатыдағы сайлау комиссиясының мобильді байланысының телефон нөмірлерін көрінетін жерге орнату міндеті белгіленген бе?

2.27. Байқаушының дауыс беру урнасынан алынған барлық және әрбір бюллетеньді кедергісіз бір мезетте тыңдау және жеткілікті көрінетін қашықтықтан, жарықта және көрудің ұзақтығымен көру құқығы белгіленген бе? Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген қандай құқықтық тетіктер (құқықтың нақты нормалары) байқаушының осындай құқығын тиімді қамтамасыз етеді?

2.28. Дауыс беру күні құқық қорғау органдарының байқаушылармен (және оларды жіберген ұйымдармен) өзара әрекеттесуінің ерекше процедурасы белгіленген бе? Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген қандай құқықтық тетіктер (құқықтың нақты нормалары) байқаушының осындай құқығын тиімді қамтамасыз етеді?

2.29. Әрбір сайлау учаскесіндегі дауыс беру нәтижесін (алғашқы немесе дауыстарды санаумен өңделген) шынайы және объективті (бұрмаланбаған) ретінде саралауға мүмкіндік беретін критерийлер, әдістемелер, тәсілдер, т.б. белгіленді ме және мұндай критерийлер, әдістемелер, тәсілдер, т.б. қайсы?

2.30. Сайлау учаскесі ашылған сәттен бастап, ҚР Орталық сайлау комиссиясы дауыс беру нәтижелерін бекітетін сәтіне дейін, сайлау пункттерінде дауыс беру және дауыстарды санау

процедураларына үшінші тұлғалардың, оның ішінде қандай да бір сайлау комиссиясы мүшесінің немесе мүшелерінің араласуынан (сайлаудың бұрмаланбауы) қорғау тетіктері (алгоритмдері, әдістері, тәсілдері, т.с.с.) белгіленді ме және аталған процедураларды қорғаудың бұл тетіктері (алгоритмдер, әдістер, тәсілдер, т.с.с.) қандай?

2.31. ҚР Орталық сайлау комиссиясы бекіткен дауыс беру нәтижелерінің шынайылығын, объективтілігін (бұрмаламаушылық, бұрмаламағандық) қамтамасыз ету тетіктері (алгоритмдері, әдістері, тәсілдері, т.с.с.) белгіленді ме және бұл тетіктер (алгоритмдер, әдістер, тәсілдер, т.с.с.) қандай?

2.32. Соларды басшылыққа ала отырып, Орталық сайлау комиссиясы қабылдаған заңнан туындаған актілер 2021 жылдың «10» қаңтарындағы жағдайға (редакциясында) дауыс беру нәтижелерінің шынайылығын және объективтілігін қамтамасыз етіп, ҚР Орталық сайлау комиссиясы дауыс беру нәтижелерін бекітетін күнге дейін, дауыс беру процедурасына және/немесе бюллетеньдерді өңдеуге және/немесе дауыстарды санауға, қандай да бір учаскелік, аумақтық, облыстық, орталық немесе басқа да сайлау комиссиясының мүшесін немесе мүшелерін қоса алғанда, қандай да бір үшінші тұлғаның араласу мүмкіндігі (сайлаудағы бұрмаламаушылық немесе бұрмаламағандық) болмағанын анықтау мүмкіндігі бар критерийлер, әдістемелер, тәсілдер, т.с.с. белгіленген бе және бұл критерийлер, әдістемелер, тәсілдер, т.с.с. қандай?

2.33. Тиесілі сайлау комиссияларының бюллетеньдерді өңдеу және дауыстарды санау процедураларын бұлжытпай орындау дәлдігін одан әрі шынайы тексеруге жағдай жасау талаптары (және осындай талаптардың орындалуын қамтамасыз ету тетіктері) белгіленді ме?

3. Осы арыздағы адресаттардың әрқайсысы Қазақстан Республикасының заңнамасына осы арыздың 2.9. – 2.28. тармақтарында көрсетілген байқаушының құқықтарын (еркіндіктерін) және оны қорғау тетіктерін енгізу бойынша және оларды құқықтық қорғау бойынша қандай шаралар қабылдады?

4. Осы арыздағы адресаттардың барлығы және олардың әрқайсысы осы арыздың 2.1. – 2.8., 2.29. – 2.33 тармақтарында баяндалған мәселелер бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасына құқықтық нормаларды енгізу бойынша қандай шаралар қабылдады?

5. Осы арыздағы адресаттардың әрқайсысына осы арыздың 2.1. – 2.33. тармақтарында баяндалған норма-ларды Қазақстан Республикасының заңнамасына енгізу бойынша адал және уақытылы шара қабылдауына қандай мән-жайлар кедергі келтірді, жазбаша түрде хабарлау (тиесілі құжаттардың көшірмелерін қоса берумен).

6. Қазақстан Республикасында сайлау өткізуде, дауыс беру нәтижелері туралы хаттаманың электрондық нұсқасын тиесілі сайлау комиссиясының онлайн режимде толтыруын және тиесілі сайлау комиссиясының мөрімен және мүшелерінің қолдарымен расталған дауыс беру нәтижесі туралы хаттамаларды жүктеуді, сонымен қатар үшінші тұлғалардың бір мезетте кідіріссіз дауыс беру нәтижелері туралы толтырылған электрондық хаттамалар туралы ақпаратты және тиесілі комиссиямен расталған хаттамалардың сканерленген бейнелерін алыс қашықтықтан іздеп, жүктеп алуды қамтамасыз ететін электрондық ақпараттық жүйені қолдануға қандай мән-жайлар кедергі келтіреді, жазбаша түрде хабарлау (тиесілі құжаттардың көшірмелерін қоса берумен).

7. Осы арыздағы адресаттардың әрқайсысы осы арыздың 6-тармағында келтірілген жүйені ендіруге кедергі келтіретін мән-жайларды жою мақсатында өз құзіретінің шегінде қандай шаралар қабылдады, жазбаша түрде хабарлау (тиесілі құжаттардың көшірмелерін қоса берумен).

8. Осы арыздың 6-тармағында келтірілген жүйе (немесе оның толыққанды функциялық баламасы) Қазақстан Республикасында қашан енгізіледі, күнін хабарлау?

9. Қазақстан Республикасының объективті бақылаудың және қорғаудың қандай шаралары қабылданған, жазбаша хабарлансын (тиесілі құжаттардың көшірмелерін және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнама нормаларының сілтемелерін қоса берумен): Қазақстан Республикасы билігінің өкілдік органдарында депутаттық фракцияларға ие саяси партияларды объективті бақылаудың және саяси партия құруды қорғаудың қандай шаралары көзделген?

10. Қандай да бір саяси партияның құрамына кірмейтін Қазақстан Республикасының азаматтарын басшылықтың немесе осындай партиялардағы жекелеген топтардың Қазақстан Республикасындағы партияларға кірмеген азаматтардың мүдделеріне қарсы сөз байласуынан, қорғауды қамтамасыз ететін қандай алгоритмдер, әдістер, тәсілдер, т.б. бар? Осы арыздағы адресаттардың әрқайсысы осындай қорғау алгоритмдерін, әдістерін, тәсілдерін, т.б. Қазақстан Республикасының заңнамасына енгізу бойынша қандай шаралар қабылдады және осы арыздағы адресаттардың әрқайсысына аталғандарды Қазақстан Республикасының заңнамасына енгізу бойынша шаралар қабылдауына қандай мән-жайлар кедергі келтірді?

11. Осы арыздағы әрбір адресат осы арыздың 12.1 – 2.33, 9 және 10-тармақтарында келтірілген ұсыныстарды (тезистерді, тетіктерді, т.б.) Қазақстан Республикасының заңнамасына енгізу бойынша қажетті шараларды (өз құзіретінің шегінде) қабылдау күнін хабарлауын.

12. Осы арыздың 12.1 – 2.33, 9 және 10-тармақтарында келтірілген нормаларды Қазақстан Республикасының заңнамасына енгізу бойынша шаралардың қабылдануын сұраймын.

«18» қаңтар 2021 жыл

**Ізгі ниетпен,**

**«НАҚ» Қоғамдық қайырымдылық қоры атынан  
Атқарушы директоры**

**Қожалиева Т.Б**